

**Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 9 маусымдағы "Жәнібек ауданының елді мекендеріндегі жасыл желекті екпелерді күтіп ұстау және қорғау ережесін бекіту туралы" № 26-7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 23 ақпандағы № 22-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 2 сәуірде № 7-6-102 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 5 маусымдағы № 4-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихаттың 2012.06.05 № 4-9 Шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 300 бабына сәйкес аудандық мәслихат

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. "Жәнібек ауданының елді мекендеріндегі жасыл желекті екпелерді күтіп ұстау және қорғау ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 9 маусымдағы № 26-7 аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 7-6-29 тіркелген, аудандық "Шұғыла" газетінде 2006 жылғы 30 маусымдағы № 8 жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімінің атауында:

"қағидасын" деген сөз "ережесін" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) көрсетілген шешімімен бекітілген Ереженің атауында:

"қағидасы" деген сөз "ережесі" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясы  
төрағасының өкілеттігін атқарушы Т. З. Кадимов  
Мәслихат хатшысы Т. З. Кадимов*